

**ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ,
ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ
КОМИТЕТА НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ДУХОВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА:
ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ:
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН**

**Алматы
2015**

УДК 1/14
ББК 87.3
Д 85

*Рекомендовано Ученым советом Института философии, политологии
и религиоведения Комитета науки МОН РК*

Редакционная коллегия:

З.К. Шаукенова (ответственный редактор)
С.Е. Нурмуратов, Б.М. Сатершинов,
Н.А. Сейтахметова, А.Г. Косиченко

Д 85 Духовная жизнь Казахстана: история и современность = Қазақстанның рухани өмірі: тарих және қазіргі заман. Сборник межд. науч.-теорет. конф. / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, – 2015. – 448 с.

ISBN – 978-601-304-048-6

Сборник содержит материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной проблемам национальной истории. В работе представлены материалы по следующим научным проблемам: определение идейных и духовных истоков мифологического, религиозного, научного и философского миропонимания, являющихся различными историческими формами этнического мировоззрения казахского народа; историко-философский анализ онтологической сущности и значения идеи свободы в духовном пространстве тюркского мира и этнокультурной преемственности в духовном мире прошедших веков, раскрытие особенностей религиозных учений и духовной жизни народа.

Материалы сборника рассчитаны на специалистов в области гуманитарных наук и широкий круг читателей.

**УДК 1/14
ББК 87.3**

ISBN – 978-601-304-048-6

© Институт философии, политологии
и религиоведения КН МОН РК, 2015

СОДЕРЖАНИЕ

ПРЕДИСЛОВИЕ	7
<i>Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е.</i> Қазақ халқының рухани-құндылықтық әлемі: теория және практика.....	10
<i>Дербісәлі Ә.Б.</i> Орта ғасырлық Шауғар, Йасы, Түркістандық ойшылдар жайлы жаңа деректер.....	22
<i>Ли Бёнг Джо</i> Духовно-культурные ценности корейцев Казахстана: преемность, трансформация и взаимовлияние.....	38
<i>Колчигин С.Ю.</i> Шакарим и развитие профессиональной философии в Казахстане.....	45
<i>Қалижанов У.Қ.</i> Ұлтты ұйыстырған «Мәңгілік ел» идеясы.....	54
<i>Курманғалиева Г.К.</i> Духовный мир казахов: тюркский ценностно- мировоззренческий контекст.....	61
<i>Кулсариева А.Т., Султанова М.Ә., Шайгозова Ж.Н.</i> Ортеке: от мифа к обряду и игре.....	73
<i>Абдильдина Р.Ж.</i> Методологическое значение трудов Ч.Ч. Валиханова в исследовании социальных явлений.....	88
<i>Myrzaly S.K.</i> On the Relationship Between Politics and Morality in Modern Society.....	100
<i>Молтобарова К.И.</i> Қазақ мәдениетіне алтын арқау болған дүниетаным.....	108
<i>Әлжан Қ.Ұ.</i> Институт ханства и батыры как символ духа степной демократии и свободы.....	118

Габитов Т.Х.	
Поиск идентичности и тюркские корни казахской культуры.....	127
Раев Д.С.	
Қазақ би-шешендерінің саяси көрегендік ой толғамдары.....	138
Молдабеков Ж.Ж.	
Проблемы интеллектуальной нации: основание и обоснование.....	155
Шайкемелев М.С.	
Социально-культурные аспекты формирования национальной идентичности в контексте миграционных процессов.....	168
Барлыбаева Г.Г.	
Философия казахского Просвещения как важный этап в становлении духовности казахского народа.....	179
Сазикызы А.С., Конырбаева К.М.	
Гуманистические идеи в мировоззрении биев и риториков.....	190
Байдаров Е.У.	
Абай и Бехбуди: к единству знания и веры.....	203
Батырхан Б.Ш.	
Абай, Гете, Хафиз: рухани үндестігі.....	218
Берикова А.К.	
Роль традиционных религий в возрождении духовных ценностей.....	228
Габдсаттарова М.Г.	
Духовность казахстанского полиэтнического и поликонфессионального общества в контексте общенациональной идеи «Мәңгілік ел».....	235
Аташ Б.М., Таңжаров М.И.	
Адамзат қоғамының болашақтағы рухани-адамгершілік келбеті.....	246

<i>Құрманбаева Л.Т., Досжанова А.И.</i>	
Қазақ мәдениетіндегі кеңістіктің ерекшелігі мен рәміздік негіздерінің рухани құндылықтық сипаты.....	257
<i>Дайрабаева Г.Б., Малдыбек А.Ж., Балтабаева А.Ю.</i>	
Некоторые вопросы формирования культуры толерантности в современном казахстанском обществе.....	264
<i>Изотов М.З.</i>	
Научные знания и духовная сфера общества.....	273
<i>Нурбосынова Л.С.</i>	
Смысл как интегрирующее понятие духовности.....	280
<i>Әубәкір А.</i>	
Мемлекеттік идея сабақтастығы: Көне Түрік қағандығы, Қазақ хандығы, Алаш Орда.....	284
<i>Мейірманов А.Д.</i>	
Өзін-өзі тану – Шәкәрім рухани мұрасының өзегі.....	297
<i>Ешпанова Д.Д.</i>	
К вопросу об особенностях общественного сознания казахстанцев: феномен патернализма и иждивенчества.....	309
<i>Ошақбаева Ж.Б.</i>	
Шалкиіз жырау – ұлттық рухтың жаршысы.....	319
<i>Бижанова М.А.</i>	
Алтын Орда дәуіріндегі түркі ойшылдарының этикалық ой-толғамдары.....	327
<i>Бегдаулетова Қ.Д.</i>	
Көшпелі бабаларымыздың болмыс танымы.....	335
<i>Орда Г.</i>	
Қазіргі қазақ прозасындағы Мәңгілік ел идеясы.....	345
<i>Ергалиева Р.А.</i>	
К проблеме самоидентификации живописи Казахстана в период глобализации.....	354
<i>Спанкулова Л.С.</i>	
Культура самосохранительного поведения населения.....	364

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ТҮРКІ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫ

*Бижанова Меруерт Алтынбекқызы,
Алматы Технологиялық Университеті
«Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының
доценті, философия ғылымдарының кандидаты,
(Алматы қ., Қазақстан)
meru190284@mail.ru*

Өткен тарихымызға құрметпен қарап, оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негіздерін айқындауға деген, ұрпақтар арасындағы мәдени-тарихи сабақтастықты жаңғыртуға деген ұмтылыс еліміздің тәуелсіздік алуы барысында мүмкін болып отыр. Ол қазіргі тарихи кезеңдегі қоғамның қажеттілігінен туындап, өркениетті мемлекет құру міндетімен байланыстырылады.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан философиясы өзінің әртүрлі көріністермен сипатталады. Еліміздің тарихындағы көптеген рухани мұраларымыздың түптамыры түркі тілдес тайпалардың ортақ рухани дүниетанымынан бастау алады. Міне солардың қатарына Алтын Орда дәуірін жатқызуға болады. Алтын Орда дәуірінің түркі тілді ойшылдар өздерінің дүниетанымын өрнектегенде кейінгі ұрпаққа әрбір сөзінің мағынасы жететіндігін толық түсінген іспетті. Сондықтан көбінесе өлең жолдарымен айтылған философиялық тұжырымдар бірте-бірте терең ойлы ментальдік құрылымдарға айналған, халықтың этикалық санасының деңгейін көтергенін байқаймыз. Әрбір жырдың, ойшылдың шығармасының осындай метафизикалық астары бар, тек соны айқындай түсінуімізге тиістіміз.

Еуразия құрылығының жартысынан көбін қамтыған Алтын Орда мемлекеті кезінде көшпелі және отырықшы тұрмыс салты аралас дамыған мемлекеттердің бірі болды. Алтын Орда мемлекеті адамзат тарихында, әсіресе Түркі халықтарының тарихында үлкен рөл атқарды. Оның

алып жатқан кең өлкесі Дешті Қыпшақ деп аталып, қоғам өміріндегі барлық саласында терең тарихи ізін қалдырды. Осы кезеңде Моңғолиядан Дунайға дейінгі аралықта өмір сүрген халықтардың бір-бірімен арақатынасы дамып, сауда-саттық, дипломатиялық істері жанданып, қалалар салынды.

Көне Түркі мен қыпшақ-оғыз дәуірінде қалыптасқан рухани мәдениет құлдырамай, бұрынғы мәдени дәстүр қайта түлеп, жаңаша даму жолына түсті, сөйтіп, өз жалғасын тауып, жазба түрдегі біраз шығармалар жазылды. Солардың қатарында Хорезмидің «Махаббатнамасы», Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки», Құтып «Хұсрау-Шырын», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастандары ерекше мәшһүр болды. Сондай-ақ, Насреддин Рабғузидің «Қиссас-ул әнбия» деп аталатын прозалық шығармасы да кең тарады. Қыпшақ тілінің сөздігі – «Кодекс куманикуста» сол заман талабына сай өмірге келген туындылардың қатарына жатады.

Бұл ғұламалардың дүниетанымын, философиялық жүйелерін тереңдей зерттеу мәселесі әлі де күн тәртібінде тұр. Жалпы тарихи сабақтастың құрамдас бөлігі болып табылатын Алтын Орда дәуірінің өзіндік әлем туралы түсініктері болғанына күмән туғызуға болмайды және осы факторға жеткілікті деңгейде назар аудармай келесі ғасырларда дүниеге бой көрсеткен атақты түркі ғұламаларының шығармашылығының түпнегіздерін пайымдау қиын.

XIV ғасырдағы түркілік терең ойлы ақындарының қатарында аталатын Сәйф Сарайидің жеке өмірбаяны туралы мәліметтер аз болғанымен, біздің ғасырымызға дейін рухани мұра болып жеткен «Гүлстан би-т-түрки» шығармасының маңызы зор деген ойдамыз. Онымен қоса «Жәдігернама», «Сүһаил мен күл дірсін» атты шығармасы да қазіргі заманымызға дейін жетіп отырғанын айта аламыз. Сәйф Сарайидің шығармашылығында поэзия мен проза қатар болғаны және олардың бірін-бірі толықтырғаны белгілі. Өйткені, бұл еңбектер нағыз этикалық принциптер негізінде жазылған шығармалар қатарына жатады.

Ақын адам бойындағы ең асыл қасиеттерді әділдікті, мейірімділікті, ізгілікті, жомарттықты, т. б. мадақтайтын

қызықты хикаяларға көбірек назар аударғанын байқауға болады. Оның хикаяттарында достықтың қадірін көтеру, әрқашан жақсылық үшін қызмет етуге дайын болу сияқты ойлар молынан байқалады. Ойшылдың бұл ойларын төмендегі шумақ дәлел болады:

*«Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос,
Жайшылықта достын деген – жай сөз.*

*Дос – зынданда жатқанда керек,
Дастархан үстінде – дұшпан да дос» [1, 466]* – деп дұшпан мен пен достың айырмасын білуді ескертеді.

Қазақ философиялық ойының көтерген басты мәселелерінің бірі адамның рухани жетілуі болып табылады. Ол үшін адамға өз нәпсісін тыю басты қағидаттардың бірі. Солардың ішінде қанағат, нысап сияқты қасиеттер жайында С. Сарайида өз шығармашылығында зерделеген болатын. Ойшылдың:

*«Ашкөз адам бар жаһан малына тоймайды,
қанағатты адам бір үзім нанға тояр.*

*Мол мүлік жинап бай болғаннан гөрі,
қанағат қып бай болған жақсы» [1, 468]* – деген ойлары қазіргі замандада өзінің маңызын жоғалтқан жоқ.

Міне, осындай даналық тағылымдарынан құралған хикаяттардың біздің жаңғырған технологиялық құндылықтар заманымыз үшін философиялық сипаттама ретіндегі құндылығы зор деген ойды тұжырымдаймыз.

Шығыстың XIV ғасырдағы түркілік терең ойлы ақындарының қатарына Хұсам Кәтибті жатқызамыз. Жеке өмірбаяны туралы мәліметтер аз болғанымен біздің ғасырымызға дейін рухани мұра болып жеткен «Жұмжұма сұлтан», «Жәһаннам» жырларының маңызы зор деген ойдамыз. Өйткені, бұл еңбектер нағыз этикалық принциптер негізде жазылған.

Бұл шығармалардың терең ойлары өмірдегі философиялық іргетастарды, мәндік негіздерді іздеуден тұрады. Хұсам Кәтиб өзінің оқырманымен сұхбаттаса отырып «Дүниеде мәңгіге жаралған нәрсе бар ма?» деген сауал қояды. Кезінде ұлы пайғамбарлар болған пенделер қайда, ғашықтықтың теңізінде жүзіп жүрген кейіпкерлер қайда, батырлар мен байлар қайда? дей келіп, әлемнің жартысын билеген Шыңғыс хан да өткен жоқ па бұл дүниеден деген тұжырымды келтіреді. Түрікменнің атақты ақыны Мақтумкули де осы мағынада шығармашылығын өрбітті.

Міне, осы жағдайдың өзі өмірлік қағида екенін жақсы түсінген Хұсам Кәтиб өмірден түңіліп, бұл дүниені жалған екен демейді, керісінше, болашаққа жасампаздықпен қарайтын ойды ұсынады:

*Келдің дүниеге – кетпек керек,
Бар күшің жеткенше жақсылық етпек керек [2, 383-384].*

Әрбір адам бұл дүниеде өзінің барлық қабілетіне қарай жақсылық жасауды мақсат тұтса, онда әлеуметтік болмыс жетіле түсеріне ақын сенімді. Ал, енді жамандық жасаудың ақыры адам үшін тозақ азабына түсу екендігін өз замандастарына да, кейінгі келген жас ұрпаққа да ескертеді ортағасырлық ойшыл.

Сөйтіп, ақын Жұмжұма сұлтанды сөйлете отырып, өз заманының ғана емес, одан кейінгі ғасырлардың мықтымын деген пенделеріне данагөйлікпен ескертпе жасайды. Адамның мәні табиғи әлсіздігін қанағаттандыруда емес, рухани дүниесінде екендігіне жақын емеуірінді білдіреді, оқырманын ойлантады, өзі де бірге ойланады. Сондықтан әрқайсымыз бұл дүниеде рухани биіктеген сайын өмір ұсынған сынақтардың қиындарына үнемі дайын болуды үйренуіміз керек деген даналықты ұмытпағанымыз жөн сияқты. Сонда бақытты болудың да, өмірдің нұрлы болуының да есігі ашылады.

Жалпы түркі әлеміне дүниетанымдық маңызы болған әдеби ескерткіштерінің ішінен діни-исламдық тақырыпта

жазылған Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» немесе «Қисас-ул анбийа» атты еңбегі ерекше орын алады. Бұл шығарма әрі этикалық, әрі экзистенциалдық ұстанымдарды өзіне негіз еткен туынды.

Рабғузидің «Қисас-ул анбийасы» ислам өркениетінің аясында дүниеге келгендіктен сол кездегі жазба әдебиеттің дәстүрлі шарттарын қатаң сақтап отырған. Ислам дінінің кең қанат жайған ортағасырлық шығыс мұсылман әдебиетінде шығарманың басында міндетті түрде әуелі бүкіл болмысты жаратқан жаратушыға мадақ айтып, одан соң пайғамбарға салауат айтылады

Адамның оң қасиеттерінің ішінде Рабғузидің көп мән берген сипаттарының бірі – сабыр. Адам баласы түрлі қиындыққа тап болғанда, ақылды, ашуға жеңдірмей сабырлы болуға, өткен қателіктерге сабырмен қарауға керектігін айтады. Жүсіп Зылиханың жаласына ілігіп, дәрменсіз күй кешкенде: «Ей, Жүсіп бәлеге іліккен екенсің, сабыр ет, ізгі атың шықсын. Жақып пайғамбар екі ұлынан айырылып, Жүсіпке хат жазады: «Біз пайғамбар ұрпағымыз. Аталаымыз бабаларымен бірге бәлеге шырмалған едік. Атам Ысқақ пайғамбар Алла жарлығымен бауыздалды: үлкен атам Ибраһим пайғамбар Намруд отына күйді. Менде екі ұлымның қайғысына душар болдым. Бірісін бөрі жеді және бірін ұрлық қылды деп алып қалыпсың. Бізде ұрлық етер кісі жоқ.... маған рақым қыл, жарылқа, көзімнің жарығы ұлымды қайтар. Саған ізгі дұға етем: Бұл дүниеде ізгілік көр, ол дүниеде күнәден құтыл. Біздің көңілімізді ауыртпа, тілегімізді зая етпегін, саған жақсы болмас, Егер жібермесең, бір түнде ерте тұрып саған қарай тағы дұға оқып жіберемін. Сен және мемлекеттен, қол астындағы елден жоқ боласыңдар» дейді, Жүсіп бұл хатты алып мынандай жауап жазады: «Аталарың қалай сабыр етсе, сен һәм сондай сабыр ет» [3, 179-184 бб].

Рабғузи жақсылықтан үміт етсең, сабыр ет. Алла сабырлықты сүйеді, әр қасіреттің соңы қуаныш деген ойға тоқталады. Бұл дүниені үйлесімділік заңы билейтіндігінен хабардар ету деседі болады. Кісінің бойындағы жақсы-

жаман қасиеттері мен іс әрекеттері неше түрлі қысқа да қызық қисса әңгімелерде беріледі. Оларда достық қастықты, қарапайымдылық мақтансүйгіштікті, адалдық арсыздықты, әлсіз әлдіні жеңіп салтанат құрып отырады. Міне осы екі әлемнің арасында қайшылық тиімді шешімін тауып жатады.

Құтып ақынды қыпшақтар арасында «Құтбы» немесе «Құтып шайыр» деп атаған. Ақынның өмірі жайлы мәлімет жоққа тән. Құтыптың біздің дәуірімізге дейін сақталып қалған жалғыз шығармасы бар. Ол «Хұсрау -Шырын» дастаны. Бұл шығарма – әзірбайжан халқының кемеңгер ойшылы, ұлы ақыны Ілияс Жүсіпұлы Низамидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасының аудармасы. Оны түпнұсқадан парсы тілінен қыпшақ-оғыз тіліне аударған – Құтып. Әзірбайжан халқының кемеңгер ақыны Низамидың «Хұсрау мен Шырын» поэмасын Құтып қыпшақ-оғыз тіліне 1341-1342 жылдары аударған.

Әр халық мақал-мәтелдерге үлкен мән беріп, күнделікте өмірде даналықтың белгісі ретінде қарастырып келген. Бір-біріне қарама-қарсы тұратын екі күштің байланысы бар екенін, олардың бір-бірімен оңайшылықпен ымыраға келмейтінін «Жараспас барша жерде от пенен су» деген мақалы арқылы жеткізеді. Осы екі қарсыластық белгілі бір үйлесімдікті ұстап тұрғандай. Шынымен су көбейіп кетсе от сөнеді, от қатты жанса су буға айналады. Осы мәселеге екінші бір мәтел сөзден жауап тапқандаймыз:

*Қазан астында от болса қайнамас па,
Егер де көп қайнаса, ас айнымас па.*

Әрине, ретсіз көп қайнаған астың дәмі қайдан болсын. Сол сияқты әр нәрсенің өзіндік ішкі шамасы болуы қажет [2, 375-376]. Құтып жалпы білімнің пайдасын, надандықтың зиянын туралы айтқан ойлары керемет даналыққа толы. Әрбір адамның бақыт жолына білім-ғылыммен жететінін, надандық ақылсыздық пен бостыққа апаратындығын көрсетеді. Ақын білімнің адамның ажырамас бөлігі екенін түсіндіруге тырысады.

*Білімді інжуді дариядан іздер,
Табар топырақты жер үстінен іздегендер [4, 223],*

– деп адам оқыған сайын жақсы нәрселерді іздейтінін көрсеткен.

Біліктіні білгені үшін сыйлайды,

– деп білімнің пайдасының айрықша мол екенін түсіндірген Құтып оған ұмытылғанның алды жарық болатынын айтады. Осындай ұлылықпен айтылған ортағасырлық ғұламаның сөздерінде керемет ойлар жатыр.

Түркі әлеміне енген рухани негіздерді түсіндіруде бұл еңбектердің құндылығы зор демекшіміз. Әрине, ойшылдардың басқа да шығармалары жарыққа шығып, халқымыздың рухани дүниесін байыта түсе береріне сенімдіміз. Сол мақсаттағы әрекеттер болашақ ғылыми зерттеулердің үлесінде. Бұл талпыныстар түркі тілді халықтардың интеллектуалдық күшін біріктіруіне тәуелді іс болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап отандық ғылымдар өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта зерттеп, үлкен бетбұрыс жасалды. Түркі ойшылдары өздерінің даналыққа толы шығармалары арқылы әлемдік өркениетке ұшы қиырсыз үлестерін қосты.

Әдебиеттер

1 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ортағасырдағы түркі ойшылдары. 5 том. – Астана: Аударма, 2005. – 562 б.

2 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 1 том / З. К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 391 б.

3 Асқарова Г.С. «Шыншыл Жүсіп» қиссасының көркемдік ерекшелігі // Ұлт тағлымы 2003. – № 3.

4 Құтып // Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б. Аударған Ә.Ибатов.

Резюме

Бижанова М.А. Этические назидание тюркских мыслителей эпохи Алтын Орды

В статье рассматриваются философско-этические и ценностно-смысловые аспекты творчества выдающихся тюркских мыслителей эпохи Золотой Орды. При помощи герменевтического анализа раскрываются содержательные, текстуальные, художественные, а также смысложизненные и этические основы их духовного наследия.

Summary

Bizhanova M.A. The Ethical edification of Turkic thinkers of the Altyn Orda

The article discusses the philosophical and ethical and value-semantic aspects of the work of prominent Turkish thinkers of the Altyn Orda. With the hermeneutic analysis revealed substantial, textual, artistic, as well as the purpose of life and the ethical foundation of their spiritual heritage.